

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасы экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

**Н.Ә. Марабаев атындағы
«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Рахат ҚОСБАРМАҚ

ТАРАС ҚАСЫМОВ



Алматы 2016

ӘОЖ 622.32
КБЖ 26.343.1
Қ 67

ҚОСБАРМАҚ Р.

Қ 67 **ТАРАС ҚАСЫМОВ** / Рахат Қосбармақ
– Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2016.
624 бет, 48 бет жапсырма. Қазақ мұнайының ардақтылары.
Өмірбаян сериясы.

ISBN 978-9965-816-74-1


Бұл кітапта елімізге белгілі мұнайшы, ұзақ жылдар бойы «Оңтүстік мұнай құбыры» өндірістік басқармасының бас директоры, «Қазақстанкаспийшельф» АҚ Ақтау филиалының директоры т.б. басшылық қызметтер атқарған әмбебап маман, білікті ғалым, мемлекеттік деңгейдегі түрлі марапаттардың иегері – Тарас Қасымовтың өмір жолы, Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамытудағы мол үлесі әңгімеленеді. Осы стратегиялық саланың қадау-қадау оқиғаларына куә болған қайраткердің гибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық. Сондай-ақ, автор кейіпкердің ата-тегін, мұнайлы өлкенің бұрынғы-бүгінгі келбетін айшықты суреттей отырып, ғұмырнамалық хикаятты шебер тілмен жатық баяндай білген. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 622.32
КБЖ 26.343.1

ISBN 978-9965-816-74-1

© ОФ «Мұнайшы», 2016

Бірінші бөлім



Тау тұлғалы Тарас

ТӨЛЕҢГІТТЕР ДЕГЕН КІМДЕР НЕМЕСЕ ТАРАС ҚАСЫМОВ ТӨРЕ МЕ, ТӨЛЕҢГІТ ПЕ?

Алаш жұртының ардақ тұтар азаматтарының бірі, Атырау мен Маңғыстау өңірлерінің ортақ төл перзенті, республикамыздың мұнай-газ тасымалы саласының Мұғалжардай биік тарлан тұлғасы, кітабымыздың кейіпкері – Тарас Мәжитұлы Қасымовтың шыққан тегі де, нағашысы да – Төлеңгіт. Сөздің басын бірден бұлай деп бастауымызға негіз де жоқ емес. «Алып – анадан, ат – биеден» деп мақалдаған дана халқымыз атаққа шыққан азаматының алдымен ата-тегін, сосын ана жағын сұрастырады. Содан кейін барып, өскен өңірі мен қоршаған ортасы, қоғамы жайында сөз қозғайды. Тарас Қасымов туралы жазылған бірқатар еңбектерде оны бірде «Төре», енді бірде «Төлеңгіт» деп, әртүрлі жазылып жүр. Сондықтан біз де алдымен бас кейіпкеріміздің шыққан тегі туралы шындыққа көз жеткізіп, содан кейін барып азамат болып жетілу, қаз басып, қалыптасу жолдарына тоқталғанды жөн көрдік.

Тарас Мәжитұлының арғы тегін айтпас бұрын, алдымен ата тарихқа тереңірек үңіліп, арғы-бергіде айтылған аталы сөздерге жүгінуге тура келеді.

Төлеңгіттер деген кімдер?

Бұл – қазақ халқының құрамындағы субэтникалық құрылым. «Уикипедия» энциклопедиясында: «Төлеңгіт («теленгут», «теленгит») – түркі әлемінің шығыс атырабында қалыптасқан ежелгі рулардың бірі. Түп негізі («толонко», «доланьге») ғұн жұртының бір әулеті саналатын, қытай деректерінде «гаогүй» аталған Теле тайпа бірлестігінен бастау алады. Жарақты әскері – бір түмен, яғни бүкіл Төлеңгіт – 10 мың шаңырақ, 50 мың жан шамасында болған. Ғұн ұлысына жалғас Ұлы Түрік қағанаты кезінде Тоғыз Оғыз құрамындағы саны мол әрі жауынгер, негізгі рулардың қатарында, Толы өзенінің аңғарында жасаған. Алып мемлекет екіге бөлінгенде Көк Түрік – Шығыс қағанат құрамында қалады» делінеді.

Кешегі кеңестік кезеңде шыққан оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде Төлеңгіттер туралы үстірт, теріс көзқарас қалыптасты. Сол атүсті, асығыс жасалған тұжырымдар еліміз Тәуелсіздік алған кезеңнің алғашқы жылдарында да біразға дейін өзгеріссіз қалып қойды. Мәселен, 5 томдық «Қазақстан тарихында» «...Көшпелі қоғамның үстемдік етуші бөлігінің өкілдері болған әртүрлі сословиелік топтармен және қауымның еркін мүшелерімен қатар, Қазақстанда тәуелді халық санатында құлдар мен Төлеңгіттер болды. Сұлтандар сословиесінде қызметте жүрген адамдар «Төлеңгіттер» деп аталды» деген жолдар бар (204-бет). Мұндай үстірт көзқарастың қалыптасуына, бір жағынан, бұған дейінгі тарихты қазып жазған қазыналы көкірек кәрі тарихшыларымыздың еңбектерінде кеткен кейбір қателіктер себепші болған секілді. Олай деуіміздің де жаны бар. Өйткені ғұлама шежіреші Әбілғазы баһадүрден (1603-1664) бастап ұлтымыздың тарихы мен философиясын, әдебиеті мен мәдениетін ұлы белеске көтерген қазақтың дана шалы Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931), «Төлеңгіт» сөзінің шығу төркінін әртүрлі себептермен қазақ топырағын қоныстанып қалған Алтай халықтарының Телес, Телеуіт тайпаларының атауынан іздеген В.Радлов пен Н.Аристов,

«Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацских, орд и степей» кітабының авторы, қазақтар жөнінде алғаш болып монографиялық еңбек жазған А.И.Левшин (1798-1879), «Орынбор ведомствосының қырғыз даласы» еңбегін жазған Ресей Бас штабының офицері Л.Мейер, «Очерки Перовского уезда» еңбегінің авторы, этнограф Г.С.Загряжский, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихына үңіліп, «Киргизы Букеевской орды» зерттеуін жазған антрополог тарихшы А.Н.Харузин, қазақ даласын, оның ішінде Сібір өлкесін жан-жақты зерттеген орыс офицері М.М.Красовский сияқты орыс ғалымдары ой-пікірлерінің өзі бір-біріне кереғар, алуан түрлі. Атақты «Тауарих-и хамса и шаркидің» («Шығыстың 5 мемлекетінің тарихы») авторы Құрбанғали Халиди (1846-1913): «Кім болса да, Төреге ерген «Төлеңгіт» аталады. Бірақ «Төлеңгіт» не деген сөз екенін дәл біле алмадым», – десе, белгілі тарихшы Е.Бекмахановтың (1915-1966) пікірінше, «Төлеңгіт» деген атау Алтай халықтарының «теленгет» деген сөзінен шыққан. Өлкетанушы Н.Кошкин мен зерттеушілер Н.А.Логутов, К.Л.Задыхиналар да осындай пікірде. Осындай деректерді келтірген мектеп оқушыларына арналған «Қазақстан тарихында»: «Төлеңгіт деген ұғым тым көнеде «Төре», яғни «мемлекет қызметкері» деген ұғыммен бірге қалыптасқан болуы мүмкін... Төлеңгіттер қазақ халқының рулық қауымынан тысқары тұрды» деген қорытынды жасалады.

Бәрін тізбелеп келтіре берер болсақ, Төлеңгіттер туралы мұндай қым-қиғаш ой-тұжырымдар өте көп. Жоғарыда айтылған тұжырымдарға қарсы пікір білдіріп, дау айтушылар да аз емес. Олардың көпшілігі ежелгі парсы тарихшысы және көрнекті мемлекет қайраткері Рәшид әд-Диннің (1247-1318) еңбектеріне сүйенеді. 2013 жылы желтоқсан айында «Шежире»: генеалогия казахов» сайтында пікір таластырған көзі ашық, көңілі ояу оқырмандардың бірі: «Орыстың тарихын немістер бұрмалап жазды» деп М.Ломоносов айтқандай, төлеңгіттің тарихын кеңес үкіметінің «тарихшылары» оңды-солды жазды. Мұхтар Мағауин көрсеткендей, неге

біз Рәшид әд-Динге жүгінбейміз? Сол кісінің ғұмыр бойы жинаған деректеріне сүйеніп, талай халық өз тарихын танып отыр. Қазақ халқын құраған негізгі тайпалардың бірі – Төлеңгіттер. Рәшид-әд-Диннің жазуы бойынша, Ғұн – Жалайыр – Төлеңгіт. «Рюрик швед (варяг) орыс халқын құрды» деп немістер жазған. Негізінде, варяг дегеніміз – орыстар, славян халқын құраған ежелгі тайпа. Орыстар енді ғана өз тарихын қолға алып жатыр. Олардың Рәшид әд-Дині – Нестор летописец! Төлеңгіттер де – варягтар сияқты қазақ халқын құраған негізгі тайпалардың бірі... Варягтар да Төлеңгіттер сияқты жауынгер болған», – дейді. Қали Жолдасов атты азамат тарихшы Зардыхан Қинаятұлының «Қытай жылнамаларының бірі – «Жаңа таңнама» атты шежіре еңбекте: «Ғұн ұрпақтары (XVIII ғ.) – 15 ата. Соның бірі – Теленгіт (Төлеңгіт)», – деп жазылыпты. Сондай-ақ Төлеңгіттердің басым бөлігі найман мен қырғыздардың арасына сіңісіп кеткен деген дерегін келтіре отырып, ендеше, Төлеңгіттер ешқандай жалшы-малшы емес, ежелден келе жатқан ғұн тайпаларының бірі деуге негіз бар. Біздің тағы бір білетініміз – қарақалпақ халқының қазаяқлы аталығына жататын Төлеңгіт деген ру бар. Олар да өзін «Төре Төлеңгітпіз» деп айтады. Қазақтың шежіре кітаптарының бірнешеуінде: «Жеті жарғыда» Сұлтан (Төре) мен қожаны өлтірсе, 7 (жеті) адамның құны, Төлеңгітті өлтірсе, 2 (екі) адамның құны төленеді» деп жазылған» деген мағлұматты келтіреді. Ғұлама А.Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбегінде қазақта Жүзден тыс 5 тайпасы мен 14 руы бар екендігі туралы мәлімет бар. Сол бес тайпаның бірі – Төлеңгіттер дейді», – деп жазады. Ал «Қазақ ру» сайтында осы тақырыпқа үн қосқан Қазыбек есімді азамат зерттеуші Қамшыбек Молдабекұлының: «Жау шапса, халық «Төлеңгіттеріміз қайда?» деп, алдыңғы шептен табылатын батыр, жаугер ұлдарын іздеген. Алты жасынан бастап балаларын атқа отырғызып, садақ тартуға үйреткен Төлеңгіттер тарихтағы спартакшылар, викингтер сияқты соғыс өнерін жетік меңгеріп өскен» деген пікірін келтіреді.

Осы адамдар айтып отырған Рәшид әд-Дин: «...Төлеңгіт «Түгел тарихта» Шыңғыс ханның дәрегейіне келтірілген қонысы шалғай тайпалардың қатарында айтылады. Татар даласының терістік сыртында, орманды алқапта тұрады, сондықтан да «Ағаш елі» атанатын қауымға жатады. Бұлардың тіршілік кебі ортақ – негізінен аңшылық болғанымен, тұқым-тегі де, тұрмыс-салты да әрқилы», – деп жазған болатын. Сондай-ақ ол Төлеңгіттің түркі нәсілді екенін, оның ішінде Он ата Жалайырдың үлкен бір тармағы екенін айтқан.

Төлеңгіттердің шығу тегіне үнілген тарихшылардың кейбірі оларды осылайша біресе Жалайырдың, біресе Арғынның, енді бірде Қоңырат пен Қыпшақтың бір тармағы ретінде көрсетеді. Олардың бұлайша болжам жасауына негіз де жоқ емес. Өйткені осыдан екі ғасырдай уақыт бұрын өмір сүрген кейбір кәрікұлақ шежірешілер зерттеушілерге Төлеңгіттерді әр рудың бір тармағы ретінде көрсетіп, осындай мағлұмат берген.

«Төлеңгіттер дегеніміз кімдер?» деген сұраққа жауап іздеп, көп жұмыстанған, қазақ қоғамы арасында кең көлемде сауалнама жүргізіп, соның нәтижесінде «Рабы и тюленгуты в казахской степи» деген еңбек жазып шыққан Ф.К.Зобнин өзінің артына көптеген құнды мәліметтер қалдырды. Сол Ф.Зобнинге Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шорманов мүлде тың дерек айтады. Оның айтуынша, Орта Жүздің түп атасы Ақжолдың екі әйелінен сегіз баласы болған: бәйбішеден – Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат та, тоқалдан – Керей, Уақ, Тарақты, Төлеңгіт туады. «Тоқалдан туғандар бәйбіше балаларына қызмет көрсетуі тиіс» деген ежелгі қазақ қоғамындағы феодалдық сана бойынша Төлеңгіт қолына найза алып, мал-жанды барымташылардан қорғаған, ағаларының жылқысын баққан, сол себепті оның таңбасы – найза көрінеді. Бірақ Мұса Шормановтың бұл шежіресі сенуге келіңкіремейді. Ендеше өзі би, өзі хан тұқымы, арғы-бергі тарихқа жетік, бүкіл ауыл-аймақ аузына қараған азуы алты қарыс аға сұлтанның орыс зерттеушісіне бұлайша мәлімет беру себебі

не? Мұны Семей мемлекеттік университетінің қызметкері Мұхаметбек Асылбеков Мұса Шормановтың «Түгел қазақ – түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сөзді берік ұстанып, Төлеңгіттерді өгейсітпей, қазақ қоғамына сіңіріп жіберу мақсатынан туындаған әрекет деп түсіндіреді. «Қазақ дәстүрі мен тарихының, көшпелі қоғам заңының білгірі, ұлттың қилы замандарда аман сақталуының тұғыры болған ғұлама билердің ісін жалғастырушы Мұсадай атақты бидің Төлеңгіттердің кім екенін білмеуі мүмкін емес. Жалпы, қазақ хандығының мемлекеттік идеологиясының бір тұғыры ұлттың тұтастығына, түп атасы бір туысқандыққа негізделгенін барлық шежірелерден байқауға болады. Міне, осы идеологияны бойына сіңірген Мұса сияқты сұңғыла бидің бұрынғы дәрежесінен айырылған Төлеңгіттерді бөтенсітпей, толыққанды қазақ руларының біріне айналдыру арқылы ел бірлігін, ұлт мүддесін көздеген түпкі мақсаты мен саяси ұстанымы айқындала түседі», – дейді ол.

2012 жылы Алматыдағы «Информ Арна» баспасынан жарық көрген Б.Кемелбеков пен Е.Жасымбаевтың «Шұбартау Төлеңгіттері: тарихы, аталары мен тұлғалары, дәстүр-салты» атты кітабының 296-бетінде: «Төлеңгіт қауымы кешелі бері пайда болған құбылыс емес, оның тарихы иісі түркі баласының тарихымен астасып кетеді. Тіпті «Алтай телеңгіттері» аталатын жеке халықтың өзі де ғұн дәуірінде патшаларға қызмет істеген үлкен саяси-этникалық топтардан қалған ұрпақ деп есептеуге біздің қолымыздағы деректер мұрындық болатын сияқты», – делінген.

Көріп отырғанымыздай, осынау субэтникалық топ туралы ой-пікірлерін ортаға салған жандардың көзқарастары негізінен екі арнада тоғысады. Олардың бірқатары: «Төлеңгіттер – хандар мен сұлтандардың қарамағында жүрген қызметшілер», – десе, енді бірі: «Жоқ, олар – өз алдына жеке тайпа, рулық құрылым», – дейді.

Сөзіміздің басында сүйенген «Уикипедия» энциклопедиясында: «...Қазақтағы Төлеңгіт мамадайыр, құсшы, қалмақ, дейіт, табын, найман, жемет, қара ешкі, уанас, жалаң, таз, жөлке, оңажыт, боран,

телеу деп жіктеледі. Тек бір ғана сөз: мұндағы «қалмақ» – кәдімгі қалмақ емес, XV–XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақ көшпенділері құрамында аталатын рудың бір ұшқыны немесе әуелгі біртұтас Төлеңгітпен бірге келген аттас қауым болса керек» деген мағлұмат бар. Осы анықтамалықтағы Төлеңгіттер туралы сөз: «Тарихшы Талас Омарбек «Тарақ таңбалы қазақ руларының тарихи тамырлары» мақаласында («Шәмші» журналы, 2009 ж., №11): «Жалпы, қазақ халқын құраған тарақ таңбалы бес тайпаның ішінде (Төре, Жалайыр, Төлеңгіт, Тарақты-Табын, Тарақтының өзі) ежелгі тарихы терең, ұлыс ретінде белгілі тайпалар кімдер?» дер болсақ, алғаш Төлеңгіттерді ауызға алар едік... Олар X ғасырда Қытай деректерінен белгілі болған Жалайырлардан да бұрын, VII ғасырда жеке ұлыс ретінде көршілеріне белгілі болды», – деп, мынадай тізім келтірген: Солтүстік ғұндары – Гаогюйдің Төлеңгіті (Теленгут) – Теле Төлеңгіті (Толанко) – Тоғыз-оғыз Төлеңгіті (Доланге) – Жалайырдың Төлеңгіті – Тарақты», – деп түйінделеді.

Жалпы, соңғы кезде осы тақырыпты індетте зерттеп, іздене келе, толымды еңбек жазып, тұшымды пікір айта алғандардың қатарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Амангелді Шамғонов пен Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті Манаш Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығының жетекші маманы Мұхаметбек Асылбековтерді атауға болады. Осы кітапты жазу барысында Төлеңгіттер туралы көптеген мәліметтерді біз осы ғалымдардың еңбектерінен таптық.

Сонымен, Төлеңгіттер деген кімдер болды?

Жоғарыда аттары аталған ғалымдардың зерттеу еңбектерін саралап, салмақтай отырып, біздің түйгеніміз: Төлеңгіттер дегеніміз – қазақ қауымында өзіндік орны бар, ел тарихында елеулі рөл атқарған әлеуметтік топ. Бертін келе, замана көшінде кездескен аласапыранға толы алуан түрлі оқиғалардан кейін уақыт талабына орай ру болып ұйысып, тайпалық дәрежеге дейін жеткен бұл әлеуметтік қауымның пайда болу тарихын ғалымдардың

бірқатары ежелгі ғұн тайпаларының тармағына, бірі – Ұлы Жүздегі Жалайыр руына, бірі – Орта Жүздегі Арғын руына, кейбіреуі – Алтай қалмақтары мен Алтай түріктеріне, енді бірі ежелгі заманда сол аймақта өмір сүрген Теленгет этносына апарып телісе де, мұның барлығы – айналып келгенде, бір Төлеңгіт, яғни бір тайпа.

Төлеңгіт атауының шығу негізі қазақ тарихында өздерін «ақсүйектерміз» деп, басқа қараша жұрттан артық санаған Төрелермен тығыз байланысты. «Төлеңгітін ертіп Төре де кетті» деген сөздің айтылуы да осыған байланысты болса керек. Осының өзі Төре мен Төлеңгіт тайпаларының бір-бірімен біте қайнасқан егіз ұғымдар екенін аңғартады. «Ет асылса, нан қалмайды» дегендей, Төренің аты аталған жерде Төлеңгіт те қоса жүреді.

Ал сонда Төре дегеніміз кім?

Қазақта «Төбесіз жер болмайды, Төресіз ел болмайды» деген мақал бар. Төрелер дегеніміз – жарты әлемді жаулаған даңқты қолбасшы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын ұрпақтар. Олар да – Төлеңгіттер сияқты қазақ руларына қосылмайтын, өз алдына дербес әлеуметтік топ.

«Уикипедия» энциклопедиясында Төрелер туралы: «Қазақ қоғамында хандар тек Төрелерден шыққан сұлтандар арасынан сайланатын. Төрелер әкімшілік және сот билігін жүзеге асырды. Сонымен қатар, олардың соғыс кезінде жасақ құрып, оған қолбасшылық ету құқығы болды. Қазақ Жүздерінің Ресейге қосылуы барысында Орта Жүз бен Кіші Жүзде бірте-бірте хандық жүйе жойылып, Төрелер қазақ қоғамының саяси-экономикалық өмірінде бұрынғыдай рөл атқара алмады. Қазақстанда 1867-1868 жылдардағы реформалардың енгізілуі Төрелердің экономикалық және саяси артықшылықтарын біржола жойды» деген анықтама берілген.

«Ақсүйек», «қарасүйек» (немесе «қарашы») деп екіге бөлінген қазақ қоғамында «ақсүйектерге» Шыңғыс хан тұқымдары Төрелер мен Пайғамбар нәсілі саналатын Қожалар жататын. Қалған қазақ руларының барлығы «қарасүйек» немесе «қарашы халық» атанды.

Бұлардан басқа «ақсүйектердің» айналасында Төлеңгіттер деген әлеуметтік топ та болды.

Төлеңгіттер тарих сахнасына қалай шықты? Олар қазақ қоғамында қалай пайда болды? Бұл сұраққа профессор Амангелді Шамғонов былай деп жауап береді:

«Қазақ хандығы құрылып, нығайғаннан кейінгі жылдары хандар мен сұлтандар сарайында оларға қызмет ететін арнайы дәрежедегі (статустағы) адамдар тобы пайда болды. Бұл әлеуметтік қауым «Төлеңгіттер» деп аталды. Хан мен сұлтандардың Төлеңгіттерінің атқарған қызметтері өте ауқымды болды. Мысалы, олар хан мен сұлтандардың жеке бастарын қорғады; зекет, соғым және басқа да алым-салықтар жинады; сот биліктерін орындады; елшілік қызмет атқарды; сонымен бірге, хан әскерінің негізгі бөлігі Төлеңгіттерден тұрды», – дейді ол.

Одан әрі тарихшы Төлеңгіттердің хан сарайына жинақталу жолдарын төмендегіше төртке бөледі: «1. Хандар мен сұлтандардың әскерін құрайтын, олардың сарайы мен жеке бастарын қорғайтын, алым-салық жинап, елшілік қызмет атқаратын адамдар сайдың тасындай мықты, ержүрек, қайратты да қажырлы адамдар болуы керек еді. Мұндай адамдар әртүрлі рудан таңдап алынды... Төлеңгіттер енді өздері қызмет ететін хан мен сұлтандардың таңбасын алды. Хандар мен сұлтандардың сарайларында қызмет ететін Төлеңгіттердің бұрынғы руына қайтып оралуына құлқы да болмады. 2. Елдегі әнші, палуан, мерген, зергер, тігінші және басқа да өнерлі отбасыларын хан-сұлтандар өз сарайларына көшіріп алып, Төлеңгіттер қатарына қосқан. Себебі хан сарайының даңқын көтеру үшін ондай өнерлі адамдар әр уақытта да керек болған. Жұртшылыққа белгілі Төлегеннің серігі Төлеңгіт Шеге Базарбайдың сарай ақыны болған. 3. Сонымен бірге, өз ауылдарында әртүрлі себептермен бұдан былай тұра алмайтын жағдайға келген, мысалы, қыз алып қашқан, қанды кекке душар болған жігіттер хан-сұлтандардың сарайын паналап, Төлеңгіттердің қатарын толықтыруы да әбден мүмкін болды. 4. Төлеңгіттердің біраз бөлігі

жаугершілік заманда тұтқынға түскендер еді... Осыдан келіп, «Қалмақ Төлеңгіті», «Қарақалпақ Төлеңгіті», «Қырғыз Төлеңгіті», «Сарт Төлеңгіті», «Түрікпен Төлеңгіті» деген атаулар пайда болған», – дейді автор өзінің «Төлеңгіттер қауымы және Бөкей Ордасындағы Төлеңгіт руының қалыптасуы» атты еңбегінде.

Оның айтуынша, Төлеңгіттер ешуақытта, ешкімге алым-салық төлемеген... Хан-сұлтандардың қарамағында көшіп жүретін болғандықтан, олардың өз жері болмаған... Бірақ Төлеңгіттердің өз малдары болған және ол малдарға Төрелердің таңбалары басылған. Сондықтан да Төрелер мен Төлеңгіттердің таңбалары бірдей болып келеді.

Одан әрі А.Шамғонов Төлеңгіттердің хан сарайында топтастырылуында Абылай ханның рөлі ерекше болғанын, Төлеңгіттер Абылай хан сарайында ұлан (гвардия) қызметін атқарғанын, мәселен, Абылай тек Арғын руының өзінен 1000 қаралы жігітті хан сарайына Төлеңгіт қызметіне алғанын мысалға келтіреді. «Қазіргі кездегі Қазақстандағы «Найман Төлеңгіті», «Албан Төлеңгіті», «Үйсін Төлеңгіті», «Керей, Жалайыр Төлеңгіті» дегендердің арғы бабалары сол аталған рулардан тандап алынғандар болса керек», – дейді ол. Тарихта «Абылай Төлеңгіттері» деген атпен қалған олардың ел қорғаған ерлік істері кейінгі ұрпаққа өшпес мұра, өлмес аңыз болып қалды.

Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының туы астында топтасқан 20 мыңға жуық көтерілісшілердің басым бөлігі Төлеңгіттер болды. Өртүрлі қазақ руларынан құралған әскери күш – «Кенесары эмиссарлары» атанған, хандықтағы маңызды тапсырмаларды орындаушы әскери жасақшылар өздерін «Кенесары Төлеңгіттеріміз» деп атады. Олар ханның оң қолы, көзі мен құлағы ретінде белгілі бір дәрежеде артықшылықтарға да ие болды. Мәселен, тарихшы Е.Бекмахановтың жазуында Төлеңгіт Алданазар Жанитаев былай дейді: «Кенесары ханның Төлеңгіті болғандықтан, мен кімнің үйі болмасын, кедергісіз қонып, керек кезінде көлікті де пайдалана алдым».

1836-1837 жылдары Бөкей Ордасында болған Кіші Жүз қазақтарының ұлт-азаттық күресі кезінде Исатай, Махамбет бастаған көтерілісшілер арасында да Төлеңгіттер аз болмаған. Осы деректерге қарап отырып, Төлеңгіттердің қазақ халқының тағдырын шешкен ел тарихындағы ірілі-ұсақты барлық оқиғалардың бел ортасында белсене атсалысып жүргендігін байқауға болады.

Жоғарыда айтылып өткендей, Төлеңгіттер хан сарайында тек әскери немесе сот билігін нығайту және елден алым-салық жинау мақсатында ғана ұсталмаған. Олардың халық тарихына қатысты елеулі кезеңдерде атқарған елшілік қызметтерінің де маңызы зор.

Тағы да А.Шамғоновтың келтірген дәлелдері мен дәйектеріне сүйенсек, 1730 жылы Кіші Жүз ханы Әбілқайырдың Ресейдің құрамына өз еркімен қосылуы туралы өтінішін Петербургке алып барған елшілік құрамында Бақбек деген Төлеңгіт болған. 1732 жылы Орта Жүз ханы Сәмекенің Ресей құрамына өз еркімен қосылуы туралы Петербургке жіберген елшілігі құрамында да Қашақ есімді Төлеңгіт болған. 1748 жылы Тевкелев Орскіге келген кезде, губернатор И.И.Неплюев пен Әбілхайыр ханды тіл табыстыру мақсатында жүргізілген келіссөздердің басы-қасында да Төлеңгіттер жүрген... Нұралы ханның Ресейдегі аманатта жүрген балаларының жанында да Төлеңгіттер болған.

Тізе берсе, мұндай мысалдарды мыңдап келтіруге болады.

Байқап отырғанымыздай, қазақ руларының барлығының ішінде де Төлеңгіттер бар және олардың осынау әлеуметтік топқа ену себептері де әртүрлі.

Осы жерде айта кету керек, Төлеңгіттер ешқашанда ешкімге басыбайлы болмаған және қалаған уақытында хан-сұлтандардан кетуге толық хұқы болған. Бірақ ханның немесе сұлтанның қарауынан кеткен күні Төлеңгіт атағынан да айырылған. Ол кезде Төлеңгіт деген үлкен мәні бар биік статус болатын. Сондықтан да өзінің қажыр-қайраты мен қарым-қабілетіне сенген жүректі жігіттердің көпшілігі ханның немесе сұлтанның Төлеңгіті болуға ұмтылатын. Өйткені орыс тергеушісі Скоринге түсінік берген 80

жастағы Өжет Күтенов айтқандай, «Бұрынғы уақытта Төлеңгіттер өзін құлмен салыстырғанға қатты намыстанған болар еді. Керісінше, ол кезде «Төлеңгіт» атауы сыйлы болатын, осы атауы малы мен басына қорғаныш әкелетін. Сондықтан бұл атақты иемденуге, малына сұлтан таңбасын салуға ұмтылушылар көп болатын және олар сұлтанның кез келген уақытта өз ықтиярымен кете беретін».

Енді «Төлеңгіттер қазақ қоғамындағы бұрынғы әлеуметтік топ деңгейінен қазіргідей тайпа дәрежесіне қалай жетті?» деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Тарихшылардың жазуынша, қазақ даласындағы хандық биліктің ыдырауы мен жойылуы Төлеңгіттердің бұрынғыдай әлеуметтік топ болып қана қалмай, өз алдына жеке ру, тайпа болып бірігуіне әсер етті. Өйткені Абылай хан дүниеден өткеннен кейін Төлеңгіттердің көпшілігі Кіші Жүзге ауысып, Нұралы ханның қол астына топтасқан болатын. ХІХ ғасырдың басында Орта Жүз бен Кіші Жүзде хандық биліктің біржола жойылуы Төлеңгіттерді тығырыққа тіреді. Осының алдында әлсірей бастаған хан билігіне сенуден қалған Төлеңгіттердің енді өз алдына ру болып ұйысудан басқа жолы қалмады. Өйткені қазақ сұлтандарының арасындағы өзара ішкі тартыстар мен қырықпышақ қырқыстардың салдарынан сары тақтың шайқалып, іштей іріп-шіріп, күні бітуге таяғаны белгілі болған еді. Бұған дейін хан сарайының қамалы мен қорғаны болып келген Төлеңгіттердің енді сұлтандарға қажеті болмай қалды. Кешегі әскербасылар мен мемлекет қайраткерлері ұрпақтарының әлеуметтік статусы да анағұрлым төмендеп, енді олар жекелеген сұлтандардың төңірегіндегі қарапайым қызметшілер мен атқосшылар ғана болып қалды. Оларды ұстап тұру, сол үшін қаржы мен малын жұмсау қазақ сұлтандары үшін басы артық шығын болып көрінді. Сөйтіп, бір кездері қаншама ғасырлар бойы хан сарайының даңқын аспандатып, жоғарғы биліктің төңірегінде жүрген әлеуметтік топ өз алдына жеке ру болып бірігуге бет бұрды. Бұл процесс ондаған жылдарға созылды. Нәтижесінде күні бүгін қазақ халқының құрамындағы тайпалық құрылым деңгейіне

дейін жеткен Төлеңгіттер пайда болды. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, бұл – бүгінде пайда болып, қалыптасуына екі жүз жылдай уақыт енді ғана болған қазақ қоғамындағы ең жас рулық құрылым.

1824 жылы Кіші Жүздегі хандық билік жойылған кезде тайпалық мәнге ие болып, ру болып біріге бастаған Төлеңгіттердің басым көпшілігі Бөкей Ордасында топтасқан болатын. Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтан 1801 жылы Ресей патшасы І Павелден Еділ мен Жайық өзендерінің аралығындағы жерлерді қоныстануға рұқсат алады. Бұл кезінде 1771 жылға дейін қалмақтар жайлаған мекен болатын. Сол кездегі Ішкі Орда, яғни Бөкей Ордасының, болашақ Бөкей хандығының (1812 ж.) негізін қалаған осы аумақты қоныстанған қазақ руларының арасында кейін ХІХ ғасырдың орта тұсында – 500, ал аяқ шенінде 1000 түтінге дейін жеткен Төлеңгіттер де болды. Бөкей хан мен Жәңгір хан оларға қазіргі Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарының аумақтарындағы Ұялы, Сасықтау-Қойқын өңірлерінен жеке меншікке жер беріп, ру болып ұйысуына жағдай жасады. Тіпті Бөкей ханның өзі де Төлеңгіт тайпасынан қыз алып, бұл ауылға күйеу атанды. А.Шамғонов «Орынбор шекара комиссиясының ассессоры А.Д.Кузнецовтың 1825 жылы мамыр айында құрастырған есебі бойынша Бөкей ордасындағы Төлеңгіт руында 300 үй, 1200 жан, 1100 түйе, 3000 жылқы, 3600 сиыр, 26 мың қой болған», – деген дерек келтіреді. Сөйтіп, бір кездегі Әбілқайыр мен Абылай, Нұралы хандардың Төлеңгіттері енді өздері қоныстанған мекеннің атауына орай Бөкей Ордасының Төлеңгіттеріне айналды.

Зерттеуші А.Н. Харузин қазіргі таңда негізінен Батыс Қазақстан аймағын жайлап отырған Бөкейлік Төлеңгіттерді «Төре, Қалмақ, Ұялы, Дуан, Торанқұл, Астаусалған, Сасықтау-Қойқын» деп, жеті тармаққа бөледі. А.Шамғонов оған қазіргі Атырау аймағын қоныстанған Теңізбай, Анда, Тұрымтай, Қалыбай, Сәдібек, Қырғызак, Алдасай, Тоғым, Ноғай сияқты тағы бірнеше бөлімдерін қосады. Дегенмен, ол осы Бөкейлік Төлеңгіттердің барлығының

басын қосып, екіге бөледі. Оның біріншісі – Төре Төлеңгіті, екіншісі – Қалмақ Төлеңгіті.

Біз ақтарған арғы-бергі деректердегі ең бір көңілге дұрыс көрініп, көкейге қонатыны да осы пікір болғандықтан, А.Шамғоновтың тұжырымын шама келгенше толығырақ беруге тырыстық: **«Төре Төлеңгіті дегеніміз** – жоғарыда аталып өткен Қазақ Төлеңгіті немесе хан-сұлтандардың сарайына әр рудан жинақталып, Төре таңбасын алғандар... Төре Төлеңгіттерінің ар жағы Орта Жүзге жатады... Бөкейлік Төре Төлеңгіттер қазіргі мезгілде, негізінен, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының еуропалық бөлігінде Маңқыстауда және Ресейдің Астрахань, Волгоград облыстарында тұрады. **Қалмақ Төлеңгіті** – негізінен, жоңғарлармен соғыста қолға түскендер немесе Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын 1771 жылға дейін мекендеген және қазақтармен өзара соғысып тұрған қалмақтардан тұтқынға түскендер. Осылардан кейін Қалмақ Төлеңгіттері қалыптасқан... Кіші Жүздің ханы Әбілқайырдың Үш Жүзден құралған барлық қазақ әскерлерін басқарып, 1829-1830 жылдары жоңғарларды Жетісудан Алтайға дейін ығыстырып, Аңырақай деген жерде оларды тас-талқан қылып жеңгені тарихтан белгілі. Ауызша айтылған аңыз бойынша, сол шайқаста Әбілқайыр хан жоңғарлардың торғауыт тайпасынан шыққан хан тұқымы Бегінің 6 баласын өлтіртпей, өсіріп, өзіне төлеңгіті етіп қалдырады. Оларға жер бөлініп, Төре таңбасы беріледі және олар бұдан былай «Қалмақ Төлеңгіттері» деп аталатын болады. Қалмақ Төлеңгітінің ұраны – Алтай, таңбасы – тұтқа... Сонымен бірге, 1771 жылға дейін Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын жайлаған қалмақтар мен қазақтар арасында болған жаугершілік салдарынан біраз қалмақтардың қазақтарға тұтқынға түскені белгілі. Осы тұтқын қалмақтардан кейін Қалмақ Төлеңгіті қалыптасуы мүмкін екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Мінеки, арғы тегі жоңғарлар болып табылатын, кейін қазақ хандарына адал қызмет еткен Қалмақ Төлеңгіттері туралы аңыз-әңгімелердің жай-жапсары осындай», – деп түйіндейді сөзін тарихшы.